

ЖАЛПЫ МЕКТЕПТІК АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры А.А.Тажимишевтің 2021-2022 оқу жылындағы қоғамдық есебі

Қабылданды:
04.01.2023 жылғы
№4 педагогикалық кеңестің
хаттамасы

Ақтөбе қаласы, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

- I. БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ**
- II. ЖАЛПЫ БАСТАУЫШ, ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ**
- III. БАСТАУЫШ БУЫНДАҒЫ ЖҰМЫС**
- IV. МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС**
- V. МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**
- VI. МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ**
- VII. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС**
- VIII. МЕКТЕПТІҢ СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ БАҒЫТЫ**
- IX. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ. МЕКТЕПТІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**
- X. МЕКТЕП ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ**

КІРІСПЕ

Құрметті қонақтар, қымбатты ата-аналар!

Қазіргі білім беру жүйесі – бұл қарқынды дамып келе жатқан жүйе, оқытудың жаңа тенденциялары, технологиялары мен тәсілдері. Бұл туралы сенімді түрде айтуға болады, себебі еліміздің білім беру жүйесі біртұтас білім берудің жалпы принципіне сәйкес білім беруді жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, білім аламын деген оқушы үшін де, білім жетілдіремін деген педагог үшін де көптеген мүмкіндіктер беріп отыр.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы және 2022-2023 оқу жылының 1-жартыжылдық жұмыс нәтижесінде мектебіміз бірқатар жетістіктермен толықты. Соның ішінде 2022-2023 жылдың ең үлкен жетістігіміз - мектебіміздің ұлы тарихи тұлға, мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың есімін алуы. 2022 жылдың 7 ақпан күні №10 өндірістік кеңесте ұжымға мектеп атауына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімін беру туралы ұсыныс жасадым. Бұл ұсынысты ұжым бірауыздан қабылдап, кеңес қаулысын шығардық.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №600 қаулысы шығып, мектеп "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің» «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді. Ұлтымыздың мақтанышына айналған тұлғаның есімі білім ордасына берілгеніне шын жүректен қуандық. Біз үшін жаңа оқу жылы басында үлкен жетістік болды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарын ыңғайлап, Дінмұхамед Ахметұлының Қонаевтың есімін ұлықтауға арналған шаралар кешені жасалды. Сондай шаралардың бірі, әрі ең көлемдісі – 2023 жылдың 5-қаңтарда Д.Қонаевтың 111 жыл толуына орайластырылған «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ және «Д.Қонаев атындағы Халықаралық қоғамдық Қор» меморандумы аясында «Ақтөбе» облысы бойынша Кәсіби даму институты» бірлесіп, «ДИНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ҒАСЫР САҢЛАҒЫ» І Республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін оқушылар мен жастар арасында ұлықтау және оның өмір жолы мен еңбек жолына тарихи баға беру. Конференцияға арнайы шақыртумен республика көлемінде белгілі тұлғалар - Алматы қаласынан «Д.Қонаев атындағы Халықаралық Қоғамдық Қор» вице-президенттері Байбол Болат Қажызақбар, Керімбек Шатырхан Сарыбайұлы, Қордың Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі Темиргалиев Рүстем Такенович, Д.Қонаев мұражайының басшысы Кубашева Елена Ивановна, Астана қаласынан белгілі қонаевтанушы, ҚР Мәдениет қайраткері, профессор, «Алтын қалам» сыйлығының лауреаты, «Таңғажайып Қонаев» кітабының авторы Қауғабай Ораз Дөненбайұлы қатысты. Сонымен қатар, конференцияға Қонаев, Орал, Түркістан облыстарындағы Д.Қонаев есімімен аталатын білім беру ұйымдарының басшылары қатысып, жұмыс

тәжірибелерімен бөлісті.

Конференция жұмысында ұйымдастырушылық пен техникалық қамтамасыз етудің жоғары деңгейі, ұсынылған баяндамалардың өзектілігі мен сапасын көрсететін кең көлемде орындалған редакциялық жұмысты атап өтуге болады. Жалпы, секциялық және пленарлық отырыстардың ұйымдастырылуындағы Ақтөбе қаласы Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп әкімшілігінің жоғары әлеуеті, осындай шараларды өткізудегі озық тәжірибесі туралы қатысушылардың оң пікірлері айтылды. Конференцияның материалдары үлкен жинаққа енгізілді және қорытынды-ұсыныстары Оқу-ағарту министрлігіне жолданатын болады.

I. БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Өздеріңізге белгілі, мектеп 2016 жылы қолданысқа берілді. Жобалық сыйымдылығы – 1200 орын, мектепте 1-11 кластар үшін 6 күндік оқу, бастауыш буын 3 ауысымдық режимде жұмыс жасайды. Мектепалды даярлық топтары жоқ.

Қазіргі таңда (2022-2023 оқу жылы) оқушылар контингенті - **3540**, оның ішінде қыз балалар **1763**, (50 %), ал ұл балалар саны - **1777** оқушы, яғни 50% құрайды. Барлық класс-комплект саны- 140, оның 51% бастауыш кластар құрайды (71 комплект). Жас аралығын алып қарасақ, ең көп оқушы - 5 кластарда отыр, оқушы саны- 488. 5-кластар барлығы -18класс-комплект. Мектеп ашылғаннан бері оқушылар саны жыл сайын өсуде.

Жылдар	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Оқушылар саны	3264	3336	3540
Контингенттің өзгеруі		+72	+204

Жыл сайын мектептің жалпы оқушылар саны орта есеппен 200-300 балаға артып отырады. Тек биылғы 2022-2023 оқу жылында оқушылар саны 204 оқушыға көбейді.

II. ЖАЛПЫ БАСТАУЫШ, ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

Қазіргі мектеп ұстаздарының жаңаша жұмыс жасап, көптеген инновациялық әдістерімен сабақ беруі - заман талабы. Білім ордасының жетістігі мектеп ұжымының аянбай еңбек етуінің көрінісі болмақ. Ал сапалы білім – еліміздің болашақ көрсеткіші.

Өткен оқу жылы, 2021-2022 о.ж., білім сапасы 2-4 кластарда - 63 пайыз құрады, оқушы саны -1363, үздікпен екпінділер саны - 859 бала. 5-9 класс

аралығында -1433, үздіктер мен екпінділер саны - 686 оқушы, білім сапасы - 48 пайыз. 10-11 класта - 60 оқушы, білім сапасы - 43 пайыз құрады. Жалпы мектеп бойынша білім алушы саны оқу жыл аяғында білім сапасы -

51 пайыз.

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
КЛАСС	<i>сапа</i>	<i>сапа</i>
1-4; 2-4	63 %	59 %
5-9	48 %	44 %
10-11	43 %	45 %
1-11; 2-11	51 %	51%

Жалпы мектепте биыл 2022-2023 оқу жылының 1-жартыжылдық қорытындысы бойынша білім сапасы былтырғы оқу жылымен салыстырғанда өзгеріссіз - **51%**

Бастауыш класс түлектер 4 кластарда- 454 оқушы білім алуда, сапасы -55,5 пайы.

9 класс бітірушілер саны - былтыр 198 бала және білім сапасы 38 % болса, биылғы жылы 36 %, оқушылар саны - 236, білім сапасы - 2 % төмен. **Мектеп бітірушілер** саны былтырғы жылы 51 оқушы болды сапа - 51%, биылғы жылы небәрі - 9 түлек, 11 орыс класта білім сапасы - 33 % . Салыстырған жағдайда білім сапасы 18 % төмендеді.

2021-2022 оқу жылы 5 түлек «**Алтын белгі**» аттестатының иегерлері, биылғы оқу жылы өкінішке орай үміткерлер жоқ.

Жалпы орта мектепті үздік және «Алтын белгі» белгісіне бітіргендер оқушылар саны

Оқу жылы	«АЛТЫН БЕЛГІ» иегерлер саны	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» иегерлер саны	Жалпы оқушылар саны
2020-2021	9	2	74
2021-2022	5	2	51
2022-2023 (үміткерлер)	0	1	9

Негізгі орта (9-класс) мектеп курсы бойынша «ҮЗДІК аттестат» иегерлері

Оқу жылы	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» иегерлер саны	Түлек саны	Пайыздық көрсеткіш
----------	--------------------------------	------------	--------------------

2020-2021	25	197	0,1%
2021-2022	21	198	0,1 %
2022-2023	21	236	0,08 %

Білім сапасы арттыру мақсатында әр тоқсан сайын, жыл сайын білім сапасы нәтижелері сарапталып, төмен білім сапасын көрсеткен кластар әкімшіліктің назарына алынып, мектепшілік бақылауға қойылады. Бақылау нәтижесінде білім сапасын көтеру шаралары жоспарланады. Класс оқушыларының барлық жағдайлары ескеріледі: оқу кабинеттерінің жабдықталуы, пән мұғалімдерінің дайындығы, оқушылардың әлеуметтік жағдайлары, ата-аналармен байланыс т.с факторларды ескере келе, түзету шаралары ұйымдастырылады. Осы атқарылып жатқан жұмыстармен қатар, білім сапасын көрсеткіш деңгейі төмен пәндерді жетілдіру мақсатында жылдық жоспарға енгізіп, мұғалімдерге оқыту-семинарлары ұйымдастырылады.

-ата-аналармен байланысты күшейттік;

- ата-аналарды оқушылардың білім алу жағдайын қадағалау бағытында талап күшейттік.

—оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастырылды, каникул уақыттарында «Жазғы мектеп» ұйымдастырылды (2-8 класс оқушылар) Бастауыш сыныптарда 18 топ 270 оқушы, 5-8 сыныптар бойынша 10 топта 70 оқушы 26-мамырдан бастап негізгі пәндер бойынша қосымша сабақтар, қалыс қалған тақырыптарын қайта түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

III. БАСТАУЫШ БУЫНДАҒЫ ЖҰМЫС

Бастауыш сынып – оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуының басты баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Сабақ беруде пәндерді оқыту технологиясын жан-жақты қолдану - ұстаз білігі мен шеберлігі. Яғни, тәуелсіз елдің талантты ұрпағын тәрбиелеудегі жауапкершілік.

Педагог қызметкерлердің бастауыш сынып бойынша сапалық құрамының көрсеткіші

Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Педагог - шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог –модератор	Жоғарғы санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Санаты жоқ
2021-2022	65	2	22	16	16	1	1	1	6
Пайызы		3%	33,8 %	24 %	24 %	1,5%	1,5%	1,5%	9,2%
2022-2023	65	1	22	17	16	1	1	1	6
Пайызы		2%	33,8 %	25 %	24 %	1,5%	1,5%	1,5%	9,2%

Бастауыш сынып кадрлары бойынша педагогтардың сапалық құрамы:

Педагог-шебер – 1 мұғалім, 2% ,

Педагог-зерттеуші – 22 мұғалім, 33,8 %,

педагог-сарапшы - 17 мұғалім, 25,% ,

педагог-модератор – 16 мұғалім, 24%

жоғары санатты мұғалім саны – 1-1,5%

I санат – 1-1,5%, II санат – 1-1,5% және санаты жоқ 6 мұғалім еңбек етуде.

Бастауыш сатысының басты талабы - білім сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейіне жеткізу. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш кластар бойынша жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының нормаларын жүзеге асыру мақсатында, әдістемелік жоспарға сәйкес және жоспардан тыс білім, білік, дағдыларды бақылау, бағалау жүйесін жетілдіру үшін әдістемелік бірлестік, әкімшілік тарапынан тексеру жұмыстары, диктанттар, аралық бақылаулар т.б. оқушылар жетістіктерінің деңгейін анықтау жұмыс түрлері жүргізіледі. Оның қорытындысы өндірістік кеңесте, педагогикалық кеңесте қаралып, ұсыныстар айтылып, кеңестер беріліп, талқыланып отырды.

IV. МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыру төмендегі мәселелерді қамтиды: әдістемелік зерттеу, жаңа әлеуметтік сұранысты ескере отырып жұмыстардың бүгінгі жағдайын сараптау, қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қоя білу, жұмыс мазмұнын, түрлері мен әдістерін, мақсатқа жету жолдарын, мұғалімге диагностикалық зерттеудің нәтижелері негізінде нақты әдістемелік көмек беру, оқушының қызығушылығын арттыру, жұмыстардың

орындалуын тексеру, бағалаудың және сараптаудың нәтижелерін жоспарлай білу, т.с.с.

Мектептің әдістемелік кеңесінің өзекті мәселесі: «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту».

«Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген К.Ушинский. Мұғалімнің бойындағы қаруы – терең білімі мен мағыналы сөзі. Бала ата-анадан өмір алса, өмірді жақсы етіп өткізуге – мектеп, мұғалім жауапты. Мұғалім беделі – қоғамның ең күшті құралы. Қазіргі заманда сындарлы оқыту теориясына сай, бала білім алып қана қоймай, алған білімін өмірде керегіне жарата алатындай азамат етіп қалыптастыру – ұстаз қауымы алдындағы басты міндет болып отыр.

Мектепте 2020-2021 оқу жылында 236 педагог, 2021-2022 оқу жылында 255 педагог, 2022-2023 оқу жылында 245 кадр еңбек етіп жатыр.

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Мұғалім саны	236	255	245
Өсу динамикасы	+19	+19	-10

Мектебімізде еңбек етіп жүрген мұғалімдердің 20%-ы ер мұғалімдер. Көбіне ер мұғалімдер тәрбиесін әке теңестіріп, балалардың мінез-құлықтарының қалыптасуына оң ықпал беретіні белгілі. Қазақтың тұрмыс-салтында бала тәрбиесімен тікелей әйел адам айналысқанымен, ер азаматтың қас-қабағы, мысы, бір ауыз сөзі, бейнесінің өзі көп нәрсені шешеді. Сондықтан да қазіргі таңда мектепте ер мұғалімдердің санының көп болуы маңызды құбылыс.

Мұғалімдердің білімі туралы мәлімет беретін болсақ, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ **2021-2022 оқу жылында 95%** жоғары білімді және 5% арнаулы орта білімді мұғалімдер, биыл 2022-2023 оқу жылында **87%** жоғары білімді және 13% арнаулы орта білімді мұғалімдер жұмыс жасайды.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023
Жоғары білімді	242	222
Арнаулы орта білімді	13	23
Барлығы	255	245

Арнаулы орта білімді педагогтердің пайызы жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандар есебінен өсіп отыр. Биылғы оқу жылында да орыс тілінде оқытылатын бастауыш класс мұғалімдерінің жетіспеушілігі байқалды.

Педагог қызметкерлердің еңбек өтіліне сипаттама

Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	3 жылға дейін	3-5 жыл	5-10 жыл	10-20 жыл	20-дан жоғары
2021-2022	255	54	37	39	70	55
Пайызы		21,1%	11,5%	15,2%	27,4%	21,5%
2022-2023	245	50	37	35	68	55
Пайызы		20%	15%	16%	27%	22%

2021-2022 оқу жылында аттестаттаудан өткен мұғалімдер

Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Біліктілік санатына сәйкес келеді
0	2	7	17	25

Биылғы оқу жылында 65 педагог біліктілік санаттарын растауға немесе көтеруге өтініш білдірген. Оларды аттестациядан өткізу жұмыстары биылғы оқу жылының 2-жартысына жоспарланған.

Мұғалімдердің санаты туралы мәлімет

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023
Мектептегі барлық мұғалім саны	255	245
педагог-шебер	6	5
педагог-зерттеуші	66	64
педагог-сарапшы	56	62
педагог-модератор	73	74
Санаты жоқ	45	40
Санаты бар педагогтер	79%	84%

Мектептің педагог кадрларының сапалық құрамы соңғы 2 оқу жылын салыстырғанда 5%-ға өсіп, қазіргі таңда 51,3 %-ды құрайды:

педагог-шебер - 5 (2%)

педагог-зерттеуші - 64 (26 %)

педагог-сарапшы - 62 (25 %)

педагог-модератор - 74 (30 %)

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан жақты білімі қажет.

2021-2022 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан, оның ішінде базалық курстан 54 мұғалім, PISA халықаралық зерттеуі бойынша арнайы курстан 255 мұғалім түгел өтті.

Мектебімізде 10 әдістемелік кафедра жұмыс жасайды. Әр кафедра өзінің белгілеген әдістемелік өзекті мәселесін басшылыққа алып, жұмыстанып келеді.

Жас мамандармен жұмыс барысына тоқталар болсам, мектебімізде бірнеше жылдан бері «Жас мамандар мектебі» жұмыс жасайды. Соңғы екі жылда аталған мектептің жұмысын директордың оқу-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары, педагог-шебер санатты ұстаз Е.Т.Тобылбаев жүргізіп келеді.

Мектепке келген жас мамандарды қолдау, олардың кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында 2 жыл қатарынан мектебімізде «Үздік жас маман» конкурс-марафоны өткізіліп келеді. «Үздік жас маман-2022» конкурсының бас жүлдесін жас маманымыз химия мұғалімі Шамшадин Т. диплом және сертификат- 350 000 ақшалай сыйақымен марапатталды. Жас мамандарға дипломдар мен ақшалай сертификаттармен, марафонға белсене қатысқаны үшін де ақшалай сыйақы берілді.

Мектебімізде мектеп тренерлерінің қатарынан құрылған 6 тренерлік топ жұмыс жасайды. Тренерлік топтар жасақталғанда мұғалімдердің сабақ беретін пәндері, олардың оқыту тілі ескерілді.

Сонымен қатар «Іс-әрекеттегі зерттеу» тобымен құрылған Лессон стади әдісі арқылы сыныптарды зерттеуге бағытталған 4 топ оқу жылының басында құрылды. Тізіммен бекітілген аталған топтар жыл бойы өздеріне бөлінген кластармен зерттеу сабақтарын өткізіп, талдау жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында жинақталған тәжірибесімен бөлісу мақсатында өткен жылдың наурыз айында мектепшілік семинар ұйымдастырылды.

V. МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектептегі тәрбие процесі бірыңғай білім беру кеңістігінде жүзеге асады. Ол баланың тұлға ретінде қалыптасуы үшін оның мектеп өміріне кезең-кезең бойынша бейімделуімен айқындалады. Білім мен тәрбие берудің бірлігі - қазіргі білім беру процесінің тиімділігінің маңызды шарты.

Тәрбие жұмысының мақсатына жету жолында алдымызда отырған жас бала – ертеңгі ел тұтқасын тәрбиелеуде төмендегі **бағыттарға басымдық (ПРИОРИТЕТ) берілді:**

- Азаматтық сананы қалыптастыру;
- Құқықтық сауаттылығы бар тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- **Оқушылар арасындағы жағымсыз қылықтарды, балалардың бақылаусыздығы мен қаңғыбастығының алдын алу;**
- Оқушылардың Қазақстан Республикасы рәміздеріне құрметпен қарауын қамтамасыз ету;
- Табиғаты қорғау дағдыларын, алған білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру;
- Жеке адам мен халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Әрбір жеке тұлғаның жеке шығармашылық қабілетін дамыту;
- Оқушылардың денсаулығын нығайтуға үйрету, дағдыландыру және есірткілер мен басқа да зиянды заттардан бойын аулақұстауға үйрету;

- Оқушылар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу;
- Ата-аналардың мектептің тәрбие жұмысына қатысу құқығын жүзеге асыру, педагогтармен қарым-қатынастарының тиімді жүйесін қалыптастыру.

Әрине, бұл мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер орындалып, тиісті іс-шаралар жүргізіледі:

- жылдық тәрбие сағаттарды тәрбие жұмысының бағыттары негізінде құрылды;
- оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, бақылау жүргізілілді;
- ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, олармен жұмыс жүргізілді;
- тәртіпке бағыну мен өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау – үнемі басты назарда;
- Қоғамда, ортада, мектепте адамгершілік құндылықтар аясында өмір сүруге бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізілді.
- ата-аналармен жұмыс;
- кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының алдын алу.

2021-2022 оқу жылында мектепте оқу-тәрбие жұмысы аясында мынадай ірі жобалар жүзеге асты:

- ☐ «Мектептің өзін-өзі басқаруы» күні ұйымдастырылды;
- ☐ «Дебат» қозғалысы белсенді жұмыс жасады;
- ☐ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірнеше іс-шаралар өтті;
- ☐ «Отбасы – мектеп»;
- ☐ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ☐ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ☐ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ☐ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ☐ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ☐ «Қоғамға қызмет»;
- ☐ «Музей сабақтары»;

Өнер бағыты Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының қолдауымен мектебіміз «Үміткер мектеп» мәртебесіне ие болды.

Мектептің әлеуметтік желілердегі парақшалары – мектептің есімхаты.

Мектептің YOUTUBE каналы арқылы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында тәрбие жұмысының іс-шараларын видео-контенттермен орналастыру. 2016 жылдың 20 қыркүйегінде ашылған мектептің youtube каналында 20 000-нан астам оқырман бар. Мектеп ұстаздары өз іс-тәжірибелерін видео-сабақтар арқылы таратуды үрдіске қосты. Қазіргі таңда каналда 1000нан астам видео-контент орналасқан. Соның 30%-ы тәрбие жұмысына қатысты видео-контенттер жарияланып отырды. Осының негізінде мұғалім уақытты үнемдей отырып, онлайн тәжірибе тарату қызметін де тиімді ұйымдастырып, республикамыздың әр түкпірінен пікір алмасу, тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне ие болады.

60ai.kz мектеп сайты арқылы мектепшілік бақылау аясында оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-шараларды видео-контенттермен, мақалалармен, жарияланымдармен уақытылы толықтырылып отырады.

VI. МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Мектепте әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға белгіленген категория бойынша барлығы – 874 оқушы. Мемлекеттік қызмет бойынша әр оқушы қамтамасыз етілді.

2021-2022 оқу жылында Мектепке жол акциясының мақсаты да мектепке келетін мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын ескере отырып оқушыларды барлық мектепке қажетті заттарымен қамтамасыз ету. Осы мақсатты барлық жағдайлар жасалып оқушылар толық қамтылды. 2022-2023 оқу жылында бұл топтағы балаларға оқу-құралдарын алуға көмек көрсету жүйесі өзгерді, яғни олардың ата-анасының немесе қамқоршысының есепшотына 37 389 тг көлемде қаражат аударылды, 2-11 кластарда барлығы - 756 оқушы, 1-кластарда 101 және жаңадан қосылған 46 оқушы қамтылды. Барлығы - 1003 оқушы.

Оқу жылы/ учебный год	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы/ Охват горячим питанием
2021-2022	712
2022-2023	874

Оқушылардың тегін, дұрыс, сапалы, тамақтануы мақсатында арнайы мектеп әкімшілігінен, сынып жетекшілерден, ата-аналардан бракераждық комиссия құрылып, бұйрықпен бекітіліп тексереді. Бракераждық комиссия әр ай сайын тамақтың сапасын, асхананың ахуалын бақылап тексереді. Тамақтануға келген оқушылар күнделікті журналға белгіленіп отырады.

Асханаға тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың уақытылы келуі, ол оқушылардың тамақтануына әлеуметтік педагогтар және класс жетекшілер жауапты. Асхана жұмысының реттілігі мен күнделікті ас мәзірі бойынша дайындалатын тамақтың өлшемге сай екенін үнемі бақылауда алынып отырады.

2022-2023 оқу жылы бойынша 12 үйден оқыту және 49 инклюзивті білім алушы бар. Медициналық зерттеу қорытындысымен ата-анасының өтініші бойынша үйден оқытылатын және инклюзивті білім беретін оқушыларға бұйрық шығарылып, бекітілген пәндері бойынша сабақ кестесі құрылды. Үйден оқытылатын оқушылар үнемі бақылауда.

Үйден оқытылатын оқушылар

Оқу жылдары	үйден оқыту	инклюзивті білім беру
2021-2022	16	33
2022-2023	12	49

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында жыл сайын жазғы лагерь ұйымдастырылады. Лагерьдің негізгі міндеттері әр түрлі қызықты шараларды ұйымдастыру; балалар мен үлкендердің арасындағы түсіністік; әрбір баланың қабілетін ашуға жағдай туғызу; баланың қауіпсіздігін сақтай отырып, салауатты өмір сүруге үйрету; рухани мәдениеттілік және оның байланыстарын игеруге тәрбиелеу болып табылады. 2021-2022 оқу жылына бюджет есебінен 400 бала қабылданды. Биылғы жазда да осы шамасында оқушы қабылдау жоспарда бар.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылған жазғы		
Оқу жылы/ учебный год	Мектепшілік лагерь/ Пришкольный лагерь	Қала сыртындағы лагерь/ загородный лагерь
2021-2022	400 (8 257 660 теңге)	30 (1 750 000 теңге)
2022-2023		

10 007 000 теңге жазғы демалысқа жұмсалды.

VII. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Пәндік олимпиада — оқушыға ғылымның алғашқы ізденісін қалыптастыратын ең үлкен бәсеке. Жыл сайын оқушылары арасында ғылым негіздерін құрайтын, мектепте оқытылатын пәндер бойынша мектепшілік, аудандық (қалалық), облыстық және республикалық олимпиадалар өтеді. 2020-2022 жылдары Республикалық пәндік олимпиадаға жоғары сынып оқушылары белсене қатысып, жыл сайын жүлделі орындар иеленіп келеді. 2 жыл ішінде 25 оқушы ғылым негіздері бойынша өткен пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары атанса, оның 10-ы облыстық олимпиадада 1,2,3 жүлделі орындар иеленді.

Оқу жыл-дары	Қалалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Облыстық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Республикалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны
2020-2021	29	14	4	3	-	-
2021-2022	27	11	6	6	1	1
2022-2023	28	қалалық кезең енді болады				

Қала, облыс мектептері арасында мектеп командалық есепте де үнемі алдыңғы қатарда көрініп келеді. Облыс мектептері арасында 2020-2021 оқу жылында облыстық кезеңде 3-орын иеленді, ал 2021-2022 оқу жылында

қалалық олимпиада қорытындысы бойынша қатысқан 27 оқушыдан 3 оқушы 1-орын, 4 оқушы 3-орын иеленді. Барлығы 11 жеңімпаз. Командалық есепте мектеп 4-орын иеленді, «Жеңіске деген ұмтылыс үшін» номинациясымен марапатталды.

2021-2022 оқу жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиаданың республикалық кезеңіне мектебіміздің 11-сынып оқушысы Әуезханқызы Диана жүлделі II орынға ие болды, осы оқушы тағы да 2022 жылдың 3-5 мамыры аралығында Өскемен қаласында өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен **республикалық олимпиадасында** Ақтөбе облысының командасы сапында қатысып, жүлделі III орынға ие болды, жетекшісі – Романова М.К.

2021-2022 оқу жылы Республикалық “Мағжан оқуларының” **облыстық кезеңінен** II дәрежелі дипломмен 9-сынып оқушысы Жумашева Дария, жетекшісі Имағамбетова Сымбат Қырықбайқызы және III дәрежелі дипломмен 9-сынып оқушысы Мақсотова Іңкәр марапатталды, жетекшісі Кулынтаева Калка Мухамбетжановна.

Республикалық “Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауының **облыстық кезеңінен бас жүлдені** мектебіміздің оқушысы Кәрім Аяулым жеңіп алып, республикалық кезеңге жолдама алды, жетекшілері Тобылбаев Еркін Теміржанұлы мен Имағамбетова Сымбат Қырықбайқызы.

Мектептің 6 жылдық тарихында дарындылығымен оза шауып, мектеп қоржынына салмақты үлес қосқан оқушыларымыз жетерлік. Осы жылдар ішінде облыстық пәндік олимпиадада 1,2,3 орындар иеленіп, мектеп мәртебесін биік ұстаған жұлдыздарымызды мақтанышпен айтамыз. Олардың көпшілігі осы күні еліміздің беделді жоғары оқу орындарының белсенді студенттері атанды.

VIII. МЕКТЕПТІҢ СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ БАҒЫТЫ

Мемлекеттің ең басты құндылығы адам ресурсы десек, адам денсаулығы – қоғамның өлшеусіз байлығы. Осыған байланысты, мектептің даму жоспарын жүзеге асыру барысындағы кезекті міндеттердің бірі – барлық оқушылар үшін қолайлы спорт және дене шынықтыру бағытында шаралар ұйымдастыру. Оқушыларды есірткіден, ішімдіктен, темекіден және басқа да жаман әдеттерден алшақ ұстағанымыз абзал. Бұл әрбір ата-ананың, әрбір отбасының міндеті. Адамның өмірлік күші немесе өмірлік қуаты деген түсінік бар. Оның деңгейі адамның денсаулығына, психологиялық және көңіл-күйіне, жалпы ішкі жандүниесіне тәуелді болады. “Дені саудың – жаны сау”. Қазіргі таңда бізге салауатты өмір салтын қалыптастыру, оған оқушыларды тарту үшін арнайы ғылыми-зерттеулер негізінде сауықтыру бағдарламасы жасалды. Мектебімізде спорттық-сауықтыру шаралары жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Мәселен, жыл

сайын ”Әкем, анам және мен эстафеталық жарыстар”, “Мен чемпион”, “Ұлан” әскери-спорттық ойыны, “Былғары доп”, “Ұлттық спорт ойындары” т.б. шаралар өткізіліп тұрады. – Бүгінде мектебімізде спорт кешендері, фитнес-клуб, тренажерлік зал бар. Қазіргі таңда мектебімізде 20-дан астам спорттық секциялар жұмыс жасайды. Оның ішінде «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Дойбы», «Үстел теннисі», «Жеңіл атлетика», «Шағын футбол», «Баскетбол», «Волейбол», «Еркін күрес», «Қазақша күрес», «Грек-рим күрес», «Гір көтеру», «Бокс» үйірме-секциялары бойынша оқушылар қамтылды; ҚАББҚ негізде ағылшын, математика, орыс тілі, хорография, бокс, таэквон-до, үстел теннисі, ”Алтын оймақ”, ”Тәтті дәм” үйірмелері оқушылардың және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қосымша білім беру қызметтеріне деген сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында ашылды.

Оқушылардың үйірме-секциялармен қамтылу көрсеткіштері

Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Спорт секциялары		Үйірме		ҚАББҚ		Жалпы
		Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	
2021-2022	3317	1118	33%	1200	36%	520	16%	2838 оқушы – 85 %
2022-2023	3540	1122	34%	1287	36%	522	15%	2821 оқушы 80 %

Қосымша ақылы білім беру қызметі 2017 жылдан бастап мектебімізде жұмысын бастаған болатын. Тұрғылықты ауданымыздың әлеуметтік жағдайын ескере отырып және Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсынған ақысы 4000 мың теңге болып бекітілген. 2022 жылдан бастап қосымша ақылы білім беру қызметінің бағасы 5000 теңге болып бекітілді. (11 ақпан 2022 жыл №4 хаттама)

Оқу жылы	ҚАББҚ	Ашылған топтар	Қызметтік құны	Үйірме саны
2020-2021 оқу жыл	ҚАББҚ қамтылған бала саны 431	43 топ әр топта 8-10 оқушы	4000 т	6
2021-2022 оқу жыл	ҚАББҚ қамтылған бала саны 520	51 топ әр топта 8-10 оқушы	5000 т	10
2022-2023	ҚАББҚ қамтылған бала саны 522	50 топ әр топта 8-10 оқушы	5000 т	10

Жалпы алғанда, түрлі спорттық жарыстарда қала деңгейінде 280 оқушы , облыс деңгейінде 170 оқушы, Республикалық деңгейде 47 оқушы жүлделі орындар иеленіп, жетістіктерге жетті.

IX. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Оқу-материалдық қор кешені:

Оқу кабинеті – 57

Класс кабинеті – 39

Интерактивті тақтасы бар кабинеттер – 48

Паспортталған кабинеттер - 63

Зертханалық (арнайы) кабинет – 5

Спорт зал – 1

Гимнастика залы - 1

Мәжіліс залы – 1 (435 орындық)

Мектеп асханасы – 1 (372 орындық)

Кітапхана – 1

Мұражай – 1

Авторлық кабинеті – 2 (шахмат, «ART VIEW» шығармашылық студиясы)

Ағылшын тілі кабинеті – 6

Информатика кабинеті – 4

Технология кабинеті – 2

Психолог кабинеті – 1

Логопед кабинеті - 1

Оқушыларға қосымша білім алу және бос уақытын тиімді өткізу үшін мектеп жертелесінен ашылған «Жеңіс» спорт орталығында фитнес залы, бокс алаңы, күрес алаңы, «Жас дарын» шығармашылық орталығында би залы, шахмат кабинеті бар.

Білім сапасын арттыру үшін білім беру үдерісіне қатысушылар мектептің материалдық-техникалық жағынан толық жабдықталуын қамтамасыз етуі қажет, сондықтан жыл бойына жаңартылып, толықтырылып келеді. Информатика кабинеттері қажетті заманауи техникалық құралдармен жабдықталды, интернет желісіне қолжетімділік қамтылған. Мектептің барлық блоктарында интернетке қосылу мүмкіндіктері бар, қазіргі кезде мұғалімге де, оқушыларға да интернетпен жұмыс жасау жағдайы жасалған.

Жалпы мектеп бойынша 295 дербес компьютер және 187 ноутбук, компьютерлік техника құрылғылары бар. 19 интерактивті тақта, 49 интерактивті панельдер оқу кабинеттеріне қолданылуға берілген.

Педагогтар үшін жаңа компьютерлік технологияларды игеру бойынша мектепте және мектептен тыс орталықтарда оқыту курстары ұйымдастырылып, оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді қолдануға машықтанады.

Білім алушылар компьютерлік сауаттылықты меңгерген, ал жоғары кластарда интернетпен жұмыс – өз бетінше білім алуда қосымша мәліметтер, шығармашылық, ғылыми жобалар жасаудың тез, әрі тиімді жолы.

Мектептің әкімшілік құрамы, педагогикалық ұжым басқару-ұйымдастыру, диагностикалау, оқу-тәрбие үдерісінде компьютерлік техника, мультимедиа, интернетті белсенді түрде қолданады.

2022-2023 оқу жылының 1-жартысында мектеп қоры тағы да төмендегідей құралдармен толықтырылды:

Жесткий диск 2,

Видеокамера -1,

Бинокль- 1,

Лазерный уровень -1

Такта -12,

Интерактивтік панель -1,

Сенсорлық панель -5

Массаж креслосы (психолог кабинеті)- 1

Логокабинеттің құралдар кешені -1

Воздушный компресс 1

2секциялық темір шкаф- 288

Парта, стол - 210

Принтерлер (Многофункциональное устройство) - 5

Видеорегиистратор - 2

Теннис столы - 2

Бейнебақылау камералар жүйесі -2 (64 камера, мектеп бойынша барлық орнатылған камералар саны -184)

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ – АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

Кітап – адамның зияткерлік дамуының негізгі құрамдас бөлігі, мазмұнының толықтығы мен тиімділігі бойынша ол басқа ақпарат көздерімен салыстырғанда бәрінен анық тұр. Атақты адамдардың кітап оқу туралы айтқан ойлары мен көзқарастары қаншама. Олардың барлығы да кітап және оқудың рөлін мойындап отыр: баланың дүниетанымы кеңейе түседі, ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады, өзін және басқаларды тануға ықпал етеді. Осы бағыт аясында бірыңғай мектеп ақпараттық жүйесінің негізі ретінде педагогикалық ақпарат банкі құрылды.

Мектебімізде оқулықтар қоры жеткілікті, ал негізгі қор жылжа-жылғы дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Кітапханаға кітап сыйла», «Мектебіне кітап сыйла» акциясы негізінде жинақталып келеді, сонымен қатар соңғы уақытта

«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде біршама кітаптарға қаржылай бөлінген негізде кітапхана қоры жаңа басылымдармен толықты.

Соңғы екі жылдағы «**Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт**» жобасы негізде кітап оқу үрістері жолға қойылып көптеген қозғалыссыз тұрған

әдебиеттер сөреден таппайтын деңгейге жетіп келеміз. Бұл өте қуантарлық жағдай.

Кітапхана – сапалы білімнің сенімді кепілі. Кітап біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғық тереңінен сыр шертетін тарихта да, әдебиетті де басқа ғылым кереметтерін де осы кітапханадан табамыз. Талай оқиғалардың куәсі, талай жаңалықтың көзі - осы кітаптар.

Көркем әдебиет пен танымдық әдебиеттерді насихаттау барысында мектеп кітапханасында үнемі тұрақты түрде кітап көрмесі мен оқырмандарға арналған әртүрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылады. Алдымен, мектеп кітапханасындаға

«Жаңа түскен кітаптар» айдарынан бастау алатын көрме, **«Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары»** атты айдармен жалғасын табады, бұдан соң, **«Таулары тарих, даласы дастан – Қазақстан»**, **«Тарихы терең – Ақтөбем!»**, **«Балалар әдебиеті»**, **«Ертегілер елінде»**, **«Детская литература»**, **«В мире сказок»** атты балаларға тиімді және қолжетімді материалдар ұсынылып көрмеге қойылады.

Қордағы оқулықтармен жұмыс. 2022-2023 оқу жылында мектеп кітапхана қорына қалалық білім бөлімінен тапсырыс бойынша 15 352 дана оқулық, оның ішінде қазақ тілінде 12 877 дана жалпы соммасы 34 050 100 (отыз төрт миллион елу мың бір жүз) теңгені құрайтын оқулықтар мектеп кітапханасына жеткізілген болатын. Мектеп оқулықтары қыркүйек айының басында барлық 1-11 класс оқушыларына класс жетекшілері арқылы түгел тартылды. Барлық келген кітаптарға мектеп кітапханасының мөрі басылып, электронды каталог жүйесіне енгізіп, содан кейін барып оларды оқу залы немесе абонементтік бөлімге жіберіледі.

Жеке жұмыс. Оқырмандармен жұмыс. Кітапхана қорындағы кітаптарды оқушылардың қаншалықты тиімді пайдалана алатыны туралы, әр кластың оқушыларының кітапқұмарлық деңгейі сарапталып, мониторинг жасап отырамыз. Мониторинг негізінде түзету-бағыттау жұмыстары жүргізіліп, жыл соңында кластар арасында рейтинг шығарылады. Бұдан кластар арасында бәсекелестік, кітап оқу ынтасы, қабілеттері, оқу шапшаңдығы шыңдалу сияқты ұтымды тұстарын реттеуге болады.

Кітап оқу, кітапханамен байланысу белсенділігі бойынша бастауыш буынның пайыздық көрсеткіші жоғары болса, 5-11 класс оқушылары арасында класс буыны жоғарылаған сайын белсенділіктің төмендейтіні байқалады.

2021-2022 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысын талдай отырып, келесі қорытындыны шығаруға болады:

- ✓ Кітапхана жұмысы кітапхананың жылдық жоспары мен мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.
- ✓ 2021-2022 оқу жылына арналған сәйкес оқулықтар мен оқу әдебиеттері қоры толтырылды.

- ✓ 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытынды мониторингісі бойынша біздің мектеп қала мектептері арасында 1-орынға ие болды. ҚББ кәсіподақ тарапынан жүлделі орынға берілген 500 000 тг көлеміндегі сыйақыны педагогикалық ұжымның шешімімен кітапхана қорын әдеби және әдістемелік кітаптармен толықтырдық.

Туындаған мәселелер:

- ✓ Кітапхана жұмысын оңтайландыру, өз-өзіне қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында кітапхана жұмысын заманауи интерактивті технологиялармен жабдықтау;

2022-2023 оқу жылына қойылған міндеттер:

- 5-11 сынып оқушыларының оқу әрекетін белсендіру, жаңа түрлерін табу, балаларды оқуға баулу;
- кітапхана қорын жаңа көркем әдебиеттермен толықтыру;
- мектептегі кітапхананың беделін арттыру

Х. МЕКТЕП ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ

Екі жылдық жұмысты қорытындылай келе, жоспарланған барлық жұмыстар атқарылды. Дегенмен жұмыс барысында *төмендегідей шешілмеген проблемалар қатары бар екенін* атап айтқым келеді:

- Мектебіміз 2017-2018 оқу жылының ІІ тоқсанынан бастап 3 ауысымда оқиды, жыл сайын бала саны өсіп келеді. Осы мәселені шешу үшін тез арада мектепке жапсарлас салуды тездету қажет. Қажетті құжаттар тиісті органдарға ұсынылды.
- Мектепішілік құқықтық кеңестің шешімімен мектепішілік тіркеуде тұрған 11 оқушы бар. Осы балалардың тәртібі мен тәрбиесін басты назарда ұстау қажеттігін ата-аналарға ескертемін.
- Өткен оқу жылымен салыстырғанда педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы артты, дегенмен кадр тапшылығы бар. Атап айтқанда, орыс тілінде оқытылатын бастауыш сынып мамандары, негізгі буындарда орыс тілінде оқытылатын кластардағы технология, информатика пәні мұғалімдері жетіспейді.
- Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім алушылардың білім сапасының пайызы өзгеріссіз -51пайыз, өсу динамикасы жоқ. Бұған себеп: өткен оқу жылында оқушылардың қашықтан оқу қолайсыздығы және оқушылар санының көптігі, қосымша сабақтар үшін оқу кабинеттерінің тапшылығы.
- Ғылым негіздері бойынша пәндік олимпиада қорытындысы 2 жыл қатарынан жетістіктер бар, биылғы проблема – осы оқу жылында класс кабинеттерінің тапшылығынан 10-кластардың ашылмау себептерінен олимпиадаға қатысушы саны аздығынан командалық есепте жүлделі орынның болмауы.

- Қазіргі таңда қосымша білім берумен жалпы оқушылардың 80%-ы қамтылған. Үйірме-секцияларға сұраныс көп, бірақ кабинеттердің жетіспеушілігінен 100% қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр. Дегенмен бұл проблеманы өз бетімізше шешуге тырысып, мектеп жанынан «Жеңіс», «Жас дарын» орталықтарын ашу арқылы 80%-ға жеткізіп отырмыз.

Әр сала бойынша атқарылған жұмыстарды саралай келе, келесі оқу жылына

ҰСЫНЫСТАР:

- Алдағы оқу жылында 3 ауысымдық проблема шешілмейтіндіктен, оқу кабинеттерінің тапшылығы болады, сондықтан кластардағы оқушы санының тығыздығын 32-35 оқушыдан отырғызу қажеттілігі туындап отыр.
- Мектепшілік есепте тұрған оқушылар санын азайту немесе болдырмау үшін құқықтық кеңестің жұмысын күшейту, осындай оқушылар және олардың ата-аналарының жауапкершілігін арттыруға жұмыстану.
- Педагогикалық кадрлар тапшылығын шешу үшін жергілікті жоғары оқу орындарымен келіссөздер жүргізу, осы мектептің түлектерімен тапшы педагогикалық мамандықтарға оқуға түсуге кәсіптік бағдар жұмыстарын күшейту.
- Өткен оқу жылының білім сапасымен салыстырғанда биылғы оқу жылындағы білім олқылықтарын толтыру мақсатында оқу-тәрбие жұмысты сапалы ұйымдастыруды жүйелі жолға қойып, нақты жұмыстар жүргізу.
- Оқу-тәрбие жұмыстарында кездескен кедергілерге қарамастан келесі оқу жылында білім сапасын көтеру мақсатында мектеп статусын «мектеп-гимназия» статусына өзгерту (бұл туралы кеңірек келесі сөз кезегінде айтылатын болады)